

## Күршім ауданының Күршім ауылдық округінің Күршім ауылындағы "Ақтасты" учаскесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қаңтарда N 4335 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 23.02.2016 № 4 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Күршім ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2015 жылғы 11 қарашадағы № 501 ұсынысы негізінде, Күршім ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жануарлардың лейкоз ауруының анықталуына байланысты Күршім ауданының Күршім ауылдық округінің Күршім ауылындағы "Ақтасты" учаскесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім ауылдық округінің әкімі*

*С. Дүзбаев*